

## «Мәңгілік Ел» патриоттық идеясы: балаларға қосымша білім беру жүйесі» панельді сессиясының ұсынымдары

2016 жылғы 17 тамыз

Астана қаласы

«Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясын жүзеге асыру жағдайында қосымша білім беру тиімді білім беру бағдарламаларының бірі болып табылады.

Балаларға қосымша білім беру ерекшеліктерін, оның міндеттері мен мақсаттарын талдау, білім берудің дәл осы саласы адамгершілік құндылықтарды, ұлттық-мәдени дәстүрлерді нығайту және ұрпақ жалғастырушылықты, сонымен қатар тұлғаның қалыптасуын қамтамасыз ету үшін ең қолайлы болып табылатыны туралы қорытынды шығаруға мүмкіндік береді.

Республикада **860** мектептен тыс ұйым және жалпы орта білім беретін мектептердегі **56 мыңнан** аса үйірмелер мен секциялар қосымша біліммен қамтамасыз етеді. Республикадағы балаларды қосымша біліммен жалпы қамту **61,9%** құрайды.

Заманауи қосымша білім мен жалпы орта білімнің бірігуінің маңыздылығын түсіне отырып, секцияға қатысушылар балаларға қосымша білім беру бағдарламаларының мазмұнын жаңарту қажеттілігіне, ұлттық мұраға (салт, дәстүр, мәдениет) мақтаныш пен шексіз сыйластықты тәрбиелеу бойынша жаңа тәсілдерді және ұйымдастыру формаларын анықтауға, елдің жалпы мақсатына ортақтастығына, білім алушылардың өз Отанына деген құндылық қарым-қатынасын қалыптастыруға ерекше назар аударды.

Сессияға қатысушылар «Мәңгілік Ел» патриоттық актісінде белгіленген міндеттерді ескере отырып, өзекті мәселелерді және балаларға қосымша білім беру жүйесі қызметтерінің басым бағыттарын талқылап, келесі ұсынымдарды қабылдады.

### **Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігіне:**

1. Қосымша білім беру педагогтеріне көмекке 2019 жылға дейін бейне-сабақтар, бейне-дәрістер (33 атау) топтамасын әзірлеу:

#### **- техникалық бағыт бойынша:**

«Әуемодельдеу үйірмесін ұйымдастыру»,

«Жобалау-құрылымдау қызметін ұйымдастыру»,

«Кемемодельдеуді дайындау технологиясы»,

«Радиотехнологиялық құрылымдау»,  
«Сайттарды жобалау және құрылымдау»,  
«Жол модельдерін құрылымдау»,  
«Стендтік моделизмнің негіздері»,  
«Ұшатын қағаз модельдерді құрылымдауда қолданылатын инновациялар»,  
«S 6 А класындағы спорттық зымыран моделін дайындау»,  
«Жаңадан шұғылданып жүргендерге арналған Квиллинг»,  
«Ағаш пен қағаздан кеме желкендерін әзірлеу»,  
«Техникалық шығармашылық пен өнертапқыштық (әуе, зымыран, көлік, кемемодельдеу) жарыстарды өткізу әдісі».

**- туристік-өлкетану, экология-биологиялық бағыттар бойынша:**

«Қатысушылармен туристік жорық, экспедиция, саяхат ұйымдастыру мен өткізудің түрлері мен әдістері»,  
«Мектепте геологиялық үйірмелердің жұмыс жасау әдісі»,  
«Спорттық бағдар альпинистик техниканың негіздері»,  
«Оқушылар арасында жаяу туризмі бойынша көктемдік туриаданы қалай өткізу керек»,  
«Қазақстанның көрікті жерлерінен әулиелі жерлеріне» саяхаттық-туристік марафонын өткізу әдісі»,  
«Педагогпен ұжымдық жұмыс түрін қолдану (шығармашылық топтардағы, семинарлардағы, дөңгелек стөлдердегі жұмыс)»,  
«Туристік қоғамдық мамандарды дайындау бойынша семинарлардағы оқу сабақтарының түрлері»,  
«Балалар-жасөспірімдер туризмі жатықтырушысының қызметін ұйымдастыру»,  
«Оқушылардың туристік-экологиялық экспедицияның су жорығын ұйымдастыру ережесі»,  
«Оқушылар туристік жарыстарына төрешілік ету әдістері»,  
«Туристік көпжарыс бойынша қысқы және жазғы спартакиаданы өткізу ережесі»,  
«Экологиялық бағыт бойынша жобалық-зерттеу қызметін ұйымдастыру»,  
«Туған өлкенің отандық тарихын зерттеуге арналған квест-ойынын өткізу»,  
«Балалардың өлкетанушылық сәндік-қолданбалы шығармашылық көрмесін өткізу ережесі».

**- көркем-эстетикалық бағыт бойынша:**

«Ұлттық өнеркәсіп пен қолөнер, бірлестіктер және қолданбалы өнер шеберханасын жаңғырту және дамыту»,  
«Керамикалық шеберхананың білім беру процесін ұйымдастыру қағидалары»,  
«Мүсіндеу немесе қыш шеңберінде жұмыс бойынша таныстыру сабақтары»,  
«Композиция және гүл өсіру негіздерін оқу»,  
«Педагогтерді керамика, тұзды қамырдан мүсіндеуге үйрету бойында шеберлік-сабақтары»,  
«Керамикалық шеберхана балалардың арт-әлеуетін дамытудың шығармашылық үлгісі ретінде»,  
«Көркем-эстетикалық бағыттағы үйірме сабақтарындағы жұмыстың ерекше түрлері»,  
«Балалар спектакльдері үшін би қойылымының әдісі, сауық кеші қызметіне қатысу».

2. Алматы қаласының Ә. Қастеев атындағы Бейнелеу өнері және техникалық дизайны мектебінің, Павлодар қаласының Балалар мен жасөспірімдер экология және туризмі орталығының, Қарағанды қаласының Өнер мектебінің педагогикалық алдыңғы қатарлы тәжірибесін жинақтау және қолдану.

### **Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының білім басқармаларына:**

1. Қазақстан Республикасындағы балалар мен жастардың ғылыми-техникалық шығармашылығын, балалар мен жасөспірімдер туризмін дамыту бойынша 2015-2018 жылдарға арналған тұжырымдамалық тәсілдерді іске асыру жұмыстарын жалғастыру.

2. 2017 жылғы 1 маусымда (2016 жылғы 1 қазанға дейін) Балалар және музыкалық ансамблінің шеруін ұйымдастыру және өткізу бойынша іс-шаралар жиынтығын әзірлеу.

3. Оқушылар мен студенттерді азаматтық-патриоттық тәрбиелеу, олардың үйлесімділігін дамыту, бос уақытын танымдық ұйымдастыру, салауатты өмір салтын қалыптастыру (2016 жылдың соңына дейін) мақсатында балалар және жасөспірімдер туристік бағдарын кеңейту бойынша ведомствоаралық жұмысты қамтамасыз ету.

4. 2015 жылы жинақталған Ақтөбе, Павлодар қалаларының Техникалық шығармашылық орталығының, Батыс Қазақстан

облысының Туристер станциясының алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибесін қолдануды кеңейтуге көмек көрсету.

**Балаларға қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын қосымша және жалпы орта білім беру ұйымдарына:**

1. Сабактың бірінші күнін оқушыларға «Мәңгілік Ел» патриоттық актісін түсіндіруге арнау.

2. Балаларға қосымша білім беру бойынша білім беру бағдарламаларының жаңартылуын және «Мәңгілік Ел» Патриоттық актісінде көрсетілген құндылықтарды ескере отырып, тәрбиелік әлеуетін көтеру.

3. Ерекше қажеттіліктері бар балаларды анықтауға және әлеуметтік қолдауға бағытталған заманауи технологияларды енгізу.

4. Мектептен тыс ұйымдардың желісін кеңейту және балаларды қосымша біліммен қамту жұмыстарын әрі қарай жалғастыру.

5. Өмірлік қиын жағдайдағы балалар мен жасөспірімдерді қосымша білімге тарту жұмыстарын белсендіру.

6. Қосымша білімнің барлық бағыттары бойынша дарынды балалардың кәсіби бағыттарын қолдау және дамыту үшін экспериментальді және зерттеу топтарын құру.

7. Жас патриоттың туристік маршруттарды анықтау жұмыстарын жалғастыру (мерзімі: 2016 жылғы 1 қазан).

8. Қазақстан Республикасындағы балалар мен жастардың ғылыми-техникалық шығармашылығын, балалар мен жасөспірімдер туризмін дамыту бойынша 2015-2018 жылдарға арналған тұжырымдамалық тәсілдері бойынша жұмысты жалғастыру.

9. Балаларға қосымша білім беру сұрақтары бойынша нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу бойынша ұсыныстарды енгізу (мерзімі: 2016 жылғы 15 қыркүйек).

10. Балаларға қосымша білім беруді дамыту мәселелерінде мәдениет және спорт ұйымдарымен, жекеменшік құрылымдармен, жоғары оқу орындарымен, колледждермен өзара әрекеттестікті дамыту бойынша жұмыстарды жалғастыру.

11. Өңірлік сайттада балалар мен жастардың қосымша білімдеріне арналған арнайы бөлімдердің контентін құру және толықтыру жұмыстарын жалғастыру.

12. Жалпы білім беретін мектептердің 5-күндік аптаға өтуін ескере отырып, қосымша білім беру ұйымдарының даму келешегін анықтау.

13. Қосымша және жалпы орта білім жүйесінің біріктірілуін ескеріп, балаларды қосымша біліммен қамтуды кеңейту жұмыстарын жүргізу.

14. Балалар музыка мектептеріне, Өнер мектептеріне, Оқушылар сарайларына (үйлері) Балалар және жастар музыкалық ансамблі шеруін ұйымдастыру және өткізуге қосылу (Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығына ақпаратты 2016 жылғы 15 қыркүйекке дейін өткізу).